



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



Жаңа бағдарламамен Кореяға барады

Отандық ғалымдар «500 ғалым» бағдарламасымен Оңтүстік Кореяда тағылымдамадан өте алады. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрлігі хабарлады.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университетінің (Seoultech) президенті Дон Хван Ким «500 ғалым» бағдарламасы аясында ынтымақтастықты кеңейтуге келісті. Жақында болған екі елдің өкілдерінің кездесуінде тараптар еліміздегі жоғары білім және ғылым саласында болып жатқан оң өзгерістерді талқылады. Атап айтқанда, министр С.Нұрбек Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындары филиалдарының сәтті ашылып жатқаны, Қазақстанды Орталық Азиядағы академиялық хаб ретінде дамыту бойынша жүргізіліп жатқан саясат туралы хабардар етті. Өз кезегінде университет президенті Дон Хван Ким Seoultech-ті әлемнің үздік университеттерінің тізіміне енгізуді жоспарлап отырғанын жеткізді.

Ғылым және жоғары білім

министрі С.Нұрбек Қазақстанда Seoultech филиалын ашудың артықшылықтарына назар аударды. Мәселен, еліміздің стратегиялық жағдайы, елдер арасындағы түрлі саладағы бірқатар ұзақмерзімді әріптестік, корей жоғары оқу орындарының басқа да филиалдарын ашу тәжірибесі, пайдалы қазбалар мен биотехнология, ғарыш саласында бірлескен зерттеулер жүргізу мүмкіндігі, олар бойынша еліміздің жинақталған базасы және табиғи минералдар мен жер қойнауының үлкен қоры бар. Министрдің пікірінше, мұның бәрі өзекті бірлескен зерттеулер жүргізуге ғана емес, сонымен қатар әлемдік ғылым мен білімнің дамуына елеулі үлес қосуға көмектеседі.

Сондай-ақ тараптар «Болашақ» халықаралық стипендиясы мен «500 ғалым» ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасы аясындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады. Тараптар бірлескен жұмысты қос дипломдық бағдарламадан бастауға келісті.

Президент су тасқынымен күресіп жүрген азаматтарға алғыс айтты



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында аймақтағы ахуалмен танысты. Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов өңірдегі жағдай туралы баяндаса, «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы Ержан Ыбыраев Солтүстік Қазақстан облысындағы төтенше жағдайдың зардаптарын жою туралы ақпарат ұсынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдай кезінде өңір тұрғындарының жоғары деңгейде ұйымшылдық танытқанын атап өтіп, табиғат апаты-

мен күресіп жүрген барлық азаматқа алғыс айтты.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық орынбасары Елена Семидоцких Президентке облыстағы әр ауданда гуманитарлық көмек қабылдайтын пункттер ашылғаны жөнінде мәлімет берді.

«Birgemiz» волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Анастасия Волкова еріктілердің жедел әрекет ету штабы құрылғаны туралы айтты. Штаб 2500-ден астам волонтерді үйретеді және олардың жұмысын үйлестіреді.

«Севказэнерго» акционерлік қоғамының бас директоры Анатолий Казановский аталған кәсіпорынның акционерлері 100 миллион теңге бөлгенін, трансформаторлар орнату және электр желілерін тарту жұмыстарын жүргізгенін айтты.

«Қызылжар жолдары» ЖШС директоры Асхат Жолдаспаев компанияның су тасқынына қарсы шараларға белсенді атсалысып жатқанын жеткізді. Осы ретте аталған мекеме бөгеттер салу және нығайту үшін арнаулы техникалар мен қажетті құрал-жабдықтар бөліп отыр.

Ұлттық ұлан көмек күшін еселеді

Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің бұйрығымен Ұлттық ұланның 3 мыңнан аса әскери қызметшісі қосымша күш ретінде су тасқынынан зардап шеккен еліміздің батысы мен солтүстігінде белсенді көмек көрсетіп жатыр.

Қазір Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында су басу қаупі өте жоғары. Апаттың алдын алу үшін ұландықтар су басқан аудандардың тұрғындарын эвакуациялаумен белсенді шұғылданып, тұрғын алаптарда құм салынған қаптардан бөгет тұрғызып жатыр. Мәселен, Батыс Қазақстан облысының елді мекендерінен тұрғындарды эвакуациялау барысында Ұлттық ұланның 5517 әскери бөлімінің әскери қызметшісі



Мәулен Марленов су ортасында қалған адамдарды дер кезінде құтқарды. Ол су тасқынының ортасында тұрып қалған жүк көлігінен 30 адамды шығарып, қауіпсіз аймаққа эвакуациялады.

Орал қаласындағы Ұлттық ұланның жергілікті полкіне 300 адамнан тұратын Шымкент жедел бригадасының жеке құрамы және Қызылордадан 200 сарбаз көмекке келді. Атырау облысында да

су тасқыны жағдайы күрделі болып тұр. Атырау қаласындағы 5546 әскери бөлімінің 120-дан астам сарбазы полиция қызметкерлерімен бірлесіп, Құлсары қаласының көшелерінде иесіз үйлердегі дүние-мүлікті тонауға жол бермеу бойынша қызмет атқарып жүр. Сондай-ақ жеке құрамның бір бөлігі гуманитарлық жүктерді түсіруге, жағалауды нығайту жұмыстарына тартылды. Оларға Қарағанды қаласында орналасқан 5451 әскери бөлімінің 500 жауынгер көмекке келді. Ақтөбе мен Қостанайда су тасқынына қарсы іс-шаралар мен қоғамдық тәртіпті қорғау үшін жеке құрамды тарту жалғасып жатыр. Жергілікті 6655 және 6697 әскери бөлім-

дері осы мақсаттар үшін 400-ден аса әскери қызметшісі бөлі.

Еліміздің солтүстік өңірінде де қауіп сейілген жоқ. Петропавлда әскери академияның 400 курсантына және жергілікті Ұлттық ұлан полкінің 200 сарбазына астаналық сарбаздар көмекке келді. Су тасқыны басталғаннан бері Ұлттық ұланның 3 мыңнан аса жауынгері, 145 автомобиль техникасы және 7 әуе транспорты іске араласты. 1 644 адам эвакуацияланып, инертті материалдары бар 462 мың қапшық дайындалып, тиісті жерлерге төселді және 110 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

«Созақ үні»-ақпарат.



МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША КЕЗЕКТІ ЖӘРМЕҢКЕ ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспарына» сәйкес, Созақ ауданы әкімі аппаратының ғимаратында Созақ ауданы әкімдігінің фейсбук парақшасында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша онлайн жәрмеңке өтті.

Жәрмеңкенің мақсаты аудандағы мемлекеттік қызмет көрсету салалары бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде халықтың қызығарын бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту және көрсетілетін қызмет сапасын арттыру.

Жәрмеңкеде аудан әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бағытында қызметтерді алудың тиімді жолдары туралы тыңдалып, аудан тұрғындарынан қойылған сауалдарға нақты жауаптар берілді.

Еңбек дауы медиация тәртібімен реттелді

Жуырда Созақ аудандық сотында талап қоюшылар С., Ә., Р., А., жауапкер «В» акционерлік қоғамына жұмыстан шығару туралы бұйрықтың күшін жою, лажсыздан бос жүрген уақыттарына жалақы өндіру туралы азаматтық ісі қаралды.

Сот отырысында судья тараптарға татуласу рәсімдерін жүргізудің салдары мен артықшылықтарын түсіндіріп, оларды медиациялық келісімге келуге шақырды.

Нәтижесінде тараптардан дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту бойынша жазбаша арызы түсіп, азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Медиациялық келісім бойынша жауапкер талап қоюшыларды бұрынғы жұмысына қайта орналастыруға, бос жүрген уақыттарына айлық жалақыларын және жылдық сыйақыларын төлеп беруге міндеттеме алды, ал талап қоюшылар еңбек тәртібін сақтауға міндеттенді.

Тараптарға міндеттеме татуласу келісінде көзделген мерзім ішінде орындалмаған жағдайда, оның мәжбүрлі түрде орындалатыны туралы түсіндірілді. Аталған ұйғарым әлі заңды күшіне енген жоқ.

Ал, еңбек дауы бойынша арызданған Шолаққорған ауылының тұрғындары өз кезектерінде аудандық соттың төрағасы А.С.Дәуренбековке азаматтық істі жан-жақты қарап, әділдікпен парасаттылық принциптерін басшылыққа алып, қарапайым жүргізушілердің қызығарын қорғап, тараптарды медиациялық келісіммен татуластырып, бұрынғы жұмыстарына қайта орналастырғаны үшін алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

«Созақ үні»-ақпарат.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы

25 000 ТАЛ ЕГІЛІП, 485 ТОННА ҚОҒЫС ҚАЛДЫҚТАРЫ ШЫҒАРЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» Республикалық акциясы аясындағы «Таза өлке» апталығында Созақ ауданы бойынша барлық ауылдар мен елді-мекендерде және де аудан орталығы Шолаққорған ауылында жалпыхалықтық сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Сенбілікке барлық мекеме қызметкерлері, қоғамдық ұйым мүшелері, белсенді жастар, ауыл тұрғындары атсалысты.

Жалпы, аудан орталығында бөлінген секторлар бойынша бекітілген мекеме қызметкерлері көшелерді тазалау, күл-қоқыстарды шығару, ағаш көшеттерін отырғызу, Түркістан бағытына шығар жолдың бойындағы «Жасыл белдеу» аумағын арнайы шарбақтармен қоршап, көшеттерді суару сынды жұмыстар жүргізілді.

Көркейту-көгалдандыру жұмыстарының басында болған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан әкімі аппаратының қызметкерлерімен бірлесіп, ғимарат



ауласына 150 түп түрлі жеміс көшеттерін отырғызды. Сондай-ақ аудан орталығының ішкі көшелерін аралап, тазалық жұмыстарының барысын бақылауына алды.

Айта кетейік, бүгінгі сенбілікте Шолаққорған ауылының аумағы 5 секторға, яғни ондағы 144 көше 39 мекемеге бөлінді. Бөлінген секторлар Шолаққорған ауылының аумағын толықтай қамти-

ды. Ауылдың барлық көшелерінің тазалығы мен көркейту-көгалдандыру жұмыстары қарастырылған.

Барлық жекелеген секторларға жауапты ретінде бекітілген әр мекеме қызметкерлері аялдамаларды қалпына келтіру, күл-қоқыс шығару, тазалау, реттеу жұмыстарын жүргізіп, су өткелдерін, көпірлерді, өзен, канал, бұлақ, арық бойларын

тазалап, құраған ағаштарды жою мен көшелердің бойындағы жол белгілерінің бағаналарын реттеу, сырлау сынды жұмыстарын жүргізуде.

Мұнан бөлек, аудан аумағында 75 шақырым көше бойлары, 11,4 шақырым аяқжолдар тазаланып, 22 балалар ойын алаңшасы мен 18 спорт алаңшалары ретке келтіріліп, 485 тоннадан астам күл-қоқыс шығарылды. Сондай-ақ, аудан аумағын көгалдандыру мақсатында ауылдық округтер мен кенттерде көше бойларына, әлеуметтік нысандар және саябақтарға жалпы саны 25 000 дана тал көшеттері отырғызылды. Осылайша барша мекеме қызметкерлері, аудан тұрғындары, жастар қауымы тазалық жұмыстарына көмек қолын созуда әрдайым ниетті екендіктерін білдіріп келеді. Жоғарыда аталған жұмыстар легі алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, жүйелі түрде жүргізіліп отырады.

ТҰРҒЫНДАР АСА БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУДА



«Таза Қазақстан» Республикалық акциясы аясындағы «Киелі мекен» апталығының алғашқы күнінде Жартытөбе ауылдық округінің мекеме қызметкерлері, қоғамдық

ұйым мүшелері, белсенді жастар мен ауыл тұрғындары акцияға белсене атсалысуға әрдайым ниетті екендіктерін білдіріп, тазалық жұмыстарына жұмыла кірісуде.

100-ДЕН АСТАМ ТҰРҒЫН КЕСЕНЕ АУМАҒЫНА ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

Құмкент ауылдық округінде «Киелі мекен» экологиялық акциясы ұйымдастырылып, жергілікті тұрғындар мен ауылдың белсенді жастары Баба түкті Шашты Әзіз кесенесінің ауласын тазартуға жұмыла кірісті.

Тазалық акциясына арнайы қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тарихи-мәдени ескерткіштің ауласына жүргізілген тазалық жұмыстарына қолдау білдіріп, осындай маңызды шаралардың тұрақты түрде ұйымдастырылуын қоғам болып қолға алу керектігін айтып өтті. Сондай-ақ жиналған тұрғындар өз алғысын білдіріп, ауыл қарияларымен бірге



кесене ауласына жеміс көшеттерін отырғызды.

Акцияға жиналған тұрғындар қоршаулар мен онда келуші қонақтарға арналған аяқ жолдарды және жарық шамдар мен арнайы орындықтарды қалыптастырды. Сонымен қатар, кесене аумағы тұрмыстық қалдықтардан тазартылып, ондағы арам шөптер мен құраған ағаш түптері кесілді. Кесене аумағында ұйымдастырылған акцияға 100-ден астам белсенді жастар мен ауыл тұрғындары атсалысып, тазалыққа қажетті техникалар жұмылдырылды.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**



Ауданнан Батысқа көмек жасалды

Қарғын судан келген қиындыққа тап болған Батыс облыстың халқына аудан тұрғындары да көмек қолын созуда. Шолаққорған Алматы-Шолаққорған бағытында «Альфард» жүргізетін жігіттердің ұйымдастыруымен «Созақ ауданынан батысқа көмек» атты қор ашқан азаматтар төрт күнде 3 200 000 теңге қаражат жинап, сондай-ақ, 2000000 теңгені Сызған ауылынан, қалған қаражат ауданымыздың әр ауылынан жиналды.

Жиналған қаражатқа 150 отбасыға азық-түлік, дәрі-дәрмек, кішкентай балаларға құрғақ ботқа, гигиена-

лық заттар Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласының тұрғындарына алынды. Сонымен бірге Шолаққорған ауылының орталық көшесіне қойылған көлікке халықтан киім-кешек және заттай көмек жиналды.

Гуманитарлық қорға жиналған көмекті алып шыққан жүргізуші жігіттер Құлсарыдағы еріктілермен байланысып Доссор-Құлсары жолын су шайып кеткенін хабардар болады. Алайда жігіттер алған беттен қайтпай диттеген жерімізге қалайда жетеміз деп шешім қабылдайды. Олар қара жолмен 200 шақырым жол жүріп 6-7 сағат өткенде

тасқыннан қиындық көрген кісілерге көмекті жеткізді.

Ел аманатын, гуманитарлық көмекті Ермек Сенбиев, Мұхтар Ерназаров, Нұрқожа Шәңкебаев, Сағи Бегманов, Мұхтар Арынбеков, Нұрқанат Қазанғапов, Әділ Жұбанов және Сызған ауылынан Жасұлан Асанов өздерінің жеке көліктерімен жеткізіп берді.

Қиналған кезде көмек қолын созған азаматтарға қарғын судан зардап шеккен бауырларымыз алғыстарын жаудырды.

**Сәрсенбек
ТЕҢІЗБАЕВ.**

С.Қожанов музейіне 30 жыл

Еске алу кеші өткізілді

Көктемнің шуақты күндері ерекше нұрын төгіп, айнала жасыл желекке бөленді. Адамдардың жүзінен де жылылық нұры еседі.

Осындай әдемі көктемнің сәті жұма күні аудан орталығындағы С.Қожанов атындағы өлкетану музейінде тарихшы, аудармашы, жазушы, ақын Созақ ауданының Құр-

ғибрат аларлық әңгімелерін ортаға салды.

Аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов ақын, аудармашы, ауданға еңбегі сіңген азаматтың өмірбаяны мен шығармашылық еңбектеріне тоқталды.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов бірге қызмет еткен

бастағанына 30 жыл болды. Дулат Тұрантегі ағамыз сол музейдің алғашқы директоры болған. Еске алу кеші сол музейдің ашылу күнімен сәйкес келді. «Ауылда жүрген академик» атанған Дулат Тұрантегі есімі зор құрметке лайық. Созақ елінің дамып-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан, әр жылында, әр тарихи оқиғасында



метті азаматы Дулат Тұрантегі еске алуға арналған кеш болып өтті. Кешті ақын, аудармашы, Қазақстан Республикасы Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі Гүлнар Өмірбек жүргізді. Кешті музей директоры Ниязәлі Дүйсенбек ашып, Дулат ағамыз жайлы естелік айтты. Мұнан кейін сөзді Түркістан облысы және Созақ ауданының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбеков алып Дулат Тұрантегі туралы, сондай-ақ, С.Қожанов музейінің ашылу тарихы жайлы жастар

жылдардағы естеліктерімен бөлісті.

Ақын, жазушы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, шәкірті Байділда Айдарбеков Дулат ағаның қамқорлығы, жазушылық пайымы, парасаты тұрасында шынайы жүрежарды лебізін жеткізді.

Айтулы азаматты еске алуға арналған кешке қатысқан Дулат ағаның қызы Полина мен ұлы Бауыржан жиналған көпшілікке алғыстарын айтты. Үстіміздегі жылы С.Қожанов атындағы өлкетану музейінің ашылып, жұмыс істей

қолтаңбасы, айшықты ізі бар қаламгердің рухын биылғы мерейлі жылы-С.Қожановтың 130 жылдығы, С.Қожанов атындағы музейдің 30 жылдығына орай тағы бір ұлықтап, тағылымы мол ғұмырын еске-лең ұрпаққа таныту, рухына құрмет білдіру еді еске алу кешінің мақсаты. Дулат ағаның есімі Созақ руханиятының, қазақ руханиятының көгінде мәңгі жарқырай берері анық.

**Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ.**

БАЛА ТӘРБИЕСІМЕН АТА-АНА АЙНАЛЫСЫП ЖҮР МЕ, ӘЛДЕ ИНТЕРНЕТ ПЕ?

Отбасы өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, отбасылық рәсімдерін, бала тәрбиесін ұлттық құндылықтар аясында кеңейту ата-ананың міндеті. Осы орайда Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», - деген болатын. Ал ұлттық құндылық туралы сөз болғанда, отбасы мен бала тәрбиесі туралы айтпай кете алмаймыз. Халқымыз «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген.



Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Міне, сондықтан Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталған болатын. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатыр.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев үстіміздегі жылдың наурыз айында өткен III Ұлттық құрылтайда елді көркейтетін алты құндылыққа баса назар аударды. Бұл Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Осы құндылықтарды әр ата-ана қоғаммен тығыз байланыса отырып бала тәрбиесіне бағыттаса өнегелі ұрпақ өсіреді.

Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әртүрлі жаңа технологияларды өз тәжірибемізде қолданып жүреміз. Әйтсе де қазіргі қарыштап дамыған ғаламтор құшағында оң солын көгілдір экраннан танып, дамыған балалардың болашағына біз жауаптымыз. Бұғатталмаған қызылды жасылды гаджеттерден көз сүрінетін ғаламтор желісінен жас балалар тұрмақ ересектер де ажырай алмайтын жағдайға жетуде.

Ғаламтор жеткіншектер үшін рефераттар, музыка мен фильмдер, суреттер, ойындар көшіріп алу, бір-бірімен хат алысу үшін қажет. Алайда, интернетті пайдалы жұмыстарға емес, тек бос уақытты өткізу үшін қолданар болсақ, онда оның өз денсаулығымызға төндіретін қатерін де бір сәт ойдан шығармаған абзал.

Балаңыз ғаламторда ұзақ отырғанда:

- Көзінің көруі нашарлайды;
 - Айналасымен байланысы жоғалып, мінезі тұйықталып кетеді;
 - Денсаулығына кері әсерін береді;
 - Ойынға тәуелді болады;
 - Психикасы бұзылады.
- Ғаламтордағы бейтаныс адамдар тарапынан келетін қауіп:
- Балаңызға тіл тигізуі;
 - Баланы заңсыз әрекеттерге тартуы;
 - Жеке ақпарат алуы;
 - Балаңызды қорқытуы;
 - Рұқсат етілмеген контентті жіберуі мүмкін.

Халықаралық денсаулық сақтау ұйымының дәлелдеуінше, бүкіл әлемдік ғаламтор желісі жеткіншектерге физикалық, психологиялық жағынан айрықша зиянды. Енді бой түзеп келе жатқан мектеп оқушылары үшін ғаламтордың тағы бір зияны түрлі құмар ойындардың, зиянды бағдарламалардың көптігі болып отыр. Алаяқтар мен хакерлер жастарды ғаламторға тәуелді етіп, бұлықғыр қарым-қатынас жасауға шақырып, виртуалды әлемге қызықтырып, ақыл-ойы әлі қалыптаспаған жеткіншектерді еліктіруде. Көптеген жастардың таным-түсінігі әлі де болса да ғаламтордың пайдалы жағын меңгеруді емес, керісінше, оның өздері түсініп болмайтын «шырмауық әлеміне» тереңірек үңілуге әуес. Сондықтан, бүгінде психолог мамандар «интернет-тәуелділік» – бұл жаңа ғасырдың жаңа ауруы деп дабыл қағуы да жай сөз емес.

Сондықтан өміріміздің бар мағынасы ұл – қыздарымызды шамамыздың келгенінше ыждағаттылықпен мейірімге бөлеп, философияға бай ұлттық құндылықтарымызды жаңғырта отырып біртұтас тәрбие бере білгеніміз абзал.

**Мұхамед-Әли ИМАНБЕКОВ,
аудандық ардагерлер кеңесі
төрағасының орынбасары.**

Қазақы орта

Созақ өңіріндегі туыскандарымыздың қазақы болмысы - өте күшті. Ынтымақты. Жанкешті. Қайсар. Талапшыл. Ширақ. Елгезек. Ізденімпаз. Дарынға бай. Бұрыннан ойлаған, көзім жеткен бір шуақты да нұрлы шындық еді бұл. Ал бүгін жарықтық Мұқаңның осы екі аймаққа ерекше назар аударғаны есіме түсіп, ойға кеттім. Мұқаң әуелі өзі туған топырақ Абай әлемін тереңнен қопарып көрсетті ғой. Бұл - табиғи жағдай. Қай суреткер де дәл осылай етеді. Мұқаң-тайлай жерді көрген, аралаған, тіпті шетелдердің де талайын аралаған жақсымыз. Ал Қазақстанның өз ішінде осы екі аймақтағы болмыс-бітім, өмір-күрес жайында көбірек қалам тербеді. Ықыласы ауды дегендей. Данышпанның бұл қадамы-тегі емес-ау. Жүрегі тереңнен сезген шығар. Мені осындай ойлар баурады. «Шаянға барсаң әншімін деме, Созаққа барсаң

үшін жүгірсе де-қалтқысыз көңілмен алыпхшып тұрды.

Бір әулеттен үш бала бірдей Екінші Дүниежүзілік соғысқа араласқан. Және бернеше реттен. Небір-аламантасырды, қаншама қиямет қайымды бастан кешірген. Шынында да осы әулетті Құдай сақтаған. Үшеуі де соғыстан тірі оралған. Ысқақ пен Смағұл ауыр жараланған. Небір қатерлі сәтті бастан өткерген. Әйтеуір мейірім шексіз Жаратқан Иеміз аман сақтады. Тірі келді. Тірі ғой. Ең бастысы тірі. Құттықтаушы ағайынның да, бұлардың да көңіліне демеу болғаны - сол перзенттердің тірілігі. «Сондай да күндер өтті ғой!...» деп күрсінеді екен Есенсары ақсақал. Біздің бауыр-жұртымыз нендей туқыметті бастан кешпеді. Күллі қазақтың басына түскен ауыртпалықтар осындай еді ғой. Бұл әулеттің тағдыры - өзіміздің бауыр-жұртымызға тән тарих. Сынып кетпей, біржөла жүнжіп кетпей, құрып кетпей, өзін-өзі сақтады. Соған шүкір дейміз.



Бұл енді кезекті бір баруы ғой. Ал 1945 жылы өзі сұранып Жапонияның соғысына кетеді. Сөйтіп жүре береді. -Штабта бір жыл, екі жыл жұмыс істеп жүре берсеңіз, үйге қайтатын едіңіз ғой. Не бар соғыста?—деймін ғой. -Соғыста үлкен адамдар қорқақ болады екен. Ал жастар түк қорықпайды екен. Түк! «Ағаш көтеріп, сүйретіліп жүреміз бе, онан да соғысқа кетеміз» дедік. «Өлеміз-ау деп ойламадық» дейді. Сөйтіп өз еркімен төрт рет барған ғой. Папамның мінезі қаталдау. Бетке айтатын. * * *

*Жастық шіркін қорықпас
Жалтақтамас, бір бұқпас
Төрт рет барды соғысқа
Қарттығымыз мұны ұқпас
Қасқайып қарсы тұрыс та -
Өзіне салсаң дұрыс та
«Жаныңды қалай қиярсың?!»
Жастыққа бұлай ұрыспа
Жазығы жоқ жастардың
Айыбы бұл - басқаның:
Орыс-герман - бақастар,
Қу соғысты бастадың
Кесепат қой - жаманнан
Бақастықтан аспадың
Талай елді азғырдың
Жала жауып жазғырдың
Тура жолдан аздырдың
Тарихын теріс жаздырдың
Аштықпенен құрсаулап
Жүрегін ылғи саздырдың
Сызды жерді баспадың
Тәлкегіне тағдырдың
Аямастан тастадың
Тайталасса қарысып
Жауыздықпен басқа ұрдың
Айдауыңа көнбесе
Аярлықпен жасқадың
Іс түскенше басыңа
Ештеңеден саспадың
Қиямет күні төнгенде
Ойладың тек бас қамын
Құрбан болған соғыста
Тегілді талай жас қаны
Адамзатқа сор болған -
Орыс-герман сойқан...
* * **

*Ысмағұл кетті қырғынға
Жүректер іздеп бұлқынған
Ата-ана күтті зарығып
Бойжеткен тосты талығып
Ақбозат қалды ерттеусіз
Түнжырап Дала кеуісіз
Қасап-соғыс - тойымсыз
Жалмауыз екен кенеуіс
Балалар қалды елеуіс
Еркелеуге - желеуіс
Шырылдап жатты сәбилер
Бесігіне бөлеуіс
Қанмайдаңда боздақтар
Арам қатты көмуіс
Жапырақ жаймай боздап тал
Дала жатты селеуіс
Қамбаларда қозғалмай
Дәндер шіріп себусіз
Еңселерін жаза алмай
Қырыс - қабақ, көңіл - сыз
Жындар билеп, құлшынған
Қасиетсіз, киесіз
Қиылып түсті қыршындар
Адамзат қалды иесіз...
Сайтан-болмыс жыртындар
Әзәзілдер құтырған
Сөйленген сөздер жүйесіз
Бағы да кештеу су ішті
Тұйғын ит те сүреңсіз
Әні қалды айтылмай
Ауыл - жым-жырт, күлксіз
Кетер ме екен қайырылмай
Тағдыр шіркін - белгісіз
Іштегі арман айтылмай
Тұншығып шермен, апырмай
Батпағында кәпірдің
Оққа ұшып қарғам жатыр ма-ау?!
Үміт пен күдік алысқан
Жағаға қолды салысқан
Белалғанда қорқыныш
Үміттің жағы қарысқан
Үміт кейде - арыстан
Күдікті жеңіп жанышқан.
* * **

Қауышу

- Әкем Жапониядағы соғысты да бітіріп, ауылға 1947 жылы бір-ақ оралады ғой. Соғысқа кетерде бір тазысы болады. Соғысқа он алты жасында кеткен. Жас бала ғой. Ауыл тыншыған. Екі ағасы да соғыстан кеп қойған. Халық есін жия бастаған кез.

ӘКЕЛЕР ӘЛЕМІ

күйшімін деме» деген ұлағатты сөзі бекерден-бекер нақылға айналған жоқ-ау. Әуез немересі Омарханұлы Мұхтар жарықтықты айтып отырмын. Ұлы Мұқаң айырықша назар аударған осынау Созақ аймағымыздың ауасын жұтып, жусанына жүзін жуып өскен бір жасампаз қазақ Смағұл жайында сыр толғамақпыз. Есенсарыұлы Смағұл.

Смағұл ағамыздың өзіне жолығып, үлпеттесудің ешбір сәті түспеді. Екінші Дүниежүзілік соғысқа төрт рет өзі сұранып барған тағдырға ерекше қызықтым да, сол жасампаздың өзімен сырласуға ынтық болдым. Алматыға келгенде, құдалық, басқа да жайлардан қолы тимей қалады үлкен кісінің. Мен Созаққа барып, сонда жолықпаққа бекіндім. Сөйтіп жүргенде, Смағұл ағамыз аттанып жүре берді. Сонда Ғалымға «Ақыры үлгермедік, ә!» деп қатты өкіндім. Көп нәрседен ылғи да кеш қалып жүретін әдетіміз баяғы. Ғалымның өзі де әкесінен біраз жайға қаныққан ғой. Әйтсе де, мен басқа адаммын, балаларына айта алмайтын небір сырлары болды ғой. Солар түгел ішінде кетті-ау! Ал ол сырлар-біздің халқымыздың бұралаң жолдағы тарихы ғой. Осы тарихты Смағұл ағамыз ана дүниеге өзімен бірге ала кетті. Оған Ғалым екеуіміз айыптымыз. Содан, Ғалымның өзімен сұқбаттасу арқылы біраз жайға қандық дегендей. Өмірбаян деректеріне ден қойдық. Ғалымның әке жайындағы, сұқбаттаса отырып иін қандырып жасаған радиохабарына ден қойдым. Сөйтіп әкелер әлемін жүрегіме ұялаттым-ау. * * *

Ал енді Смағұлдың негізінде, табиғатында бар еді. Әкесі Есенсары арабша оқыған молда. Төте жазумен жұртты оқытқан. Сөзге жүйрік, заманында айтысқа да түскен. Бұл дүниенің сырына көп бойлаған ойшыл қазақ еді ғой. Кирилліңе де қамшы салдырмайды. Білімдар адам. Мұсылманша сауатты, ұлттық салт-жорға да, шариғат жосықтарына да жүйрік болатын. Ақ-қызылдың шарпысуы, аштық, тәркілеу, қуғын-сүргін, асыра сілтеу, сәт сайын мың құбылған саясаттар мен мүдделер арпалысы осындай тым алмағайыпты, қилы кезеңдерде «Өгіз де өлмейтін, арба да сынбайтын» жолды ұстанып, қандай тірліктің де қиын таба білген майталман. Табиғаты таза. Қаншама молдалары бар өңірде атақты Шойынбет би өзінің жаназасын шығаруды басқаға емес, тек осы Есенсарыға аманаттауы - имандылығына да, тазалығына да, сауаттылығына да сенгеннен еді ғой. Осындай әкенің тәрбиесін көріп, шыңдалған Смағұл діліне берік, адалдық пен әділетті жүрегінің ділі қып ұстанған қазақ еді. Қауым

* * *

Есенсарының ағасы Жаңабай, оның ақнекелі жары-Тотай. Олардан Нәлкен туады. Тотай - үлкен. Балалар жағы әже десе, кеюана «Мені әже демеңдер, апа деңдер» дейді ғой. Сол екі арада жас келін Сәндігүл «Онда мені әже деңдер» дейді. Кеше жүзге толып өмірден өткен Сәндігүл жастайынан әже атанды. Жаңабай дүниеден өткен соң, Тотайды әмеңгерлік жолмен Есенсары алады да, одан Ысқақ пен Смағұл туады.

Парыз

Комсомол қатарына ертерек еніп, қауым ісіне білек сыбана аралассаң, бұл-дағы бір оңды іс-әрекет еді. Сол алға ұмтылыстың, игілікті іс-әрекеттің ортасына ұмсынып тұратын табиғаттың жетелеуі ғой; комсомолға ертерек өту үшін жасын қосқызып жаздырғаны да. Дүние есігін ашқан уақыты 1924 жыл болатын. 1923 жыл деп жаздырады ғой. Соғыс бастала салысымен комсомолдар жиналып, өз еріктерімен майданға аттанады ғой. Он алты-ақ жаста. Смағұл ағамызды Алматыдағы офицерлер дайындайтын училищеге алады. Ойы-майданға бару. Бірақ дәрігерлердің арнайы комиссиясы тісіне қарап шын жасының он алтыда ғана екенін біліп қойып, қайтарып жібереді. Ақыры, не керек, ұзамай, тағы да өзі сұранады майданға. Сөйтіп Чкалов қаласының түбіндегі Тотский станциясына түседі, снайперлер дайындайтын училищеге қабылдайды. Үш айлық дайындықтан соң, соғысқа аттанады. Курск аймағындағы жан алысып, жан беріскен шайқас кезеңі дегендей. 18 снайперді Орлов қаласына апарып, 29-атқыштар полкіне қабылдайды. Атқан оғы мұлт кетпейтін снайпер талайды мұрттай ұшырған. Орлов қаласын босату үшін болған қырғын шайқасқа қатысады. Тоқішегінен оқ тиіп, түн ішінде самолетпен Иванова қаласына апарып, операция жасап, оқ алынады. Екі күн жатқан соң, пойызбен Улан-Уде қаласындағы госпитальға апарып емдейді ғой. 11 ай жатып, тексеруден өткізеді, медициналық сараптаудың 34-бабы бойынша «Соғысқа жарамайды, тылда жұмыс істейді» деп Иванова қаласына жібереді ғой. Ал ол жақтан Москвадағы генералдар оқитын ғимаратты жөндеуге жөнелтіледі. Сонда госпитальдан шыққан жаралы 16 солдатқа басшы болып, жұмыс істейді. Сол жерде ғой, күніне екі адамды соғысқа жібереді. Турасын айтсам, қашырып жібереді. Ақырында өзі де аттанады. Ашығын айтқанда, соғысқа бару үшін қашады. * * *

Ал енді осы ұмтылысты қазіргі көбіміз соншалықты жете түсінеді деп айта алмаймын. «Отанға қауіп төнді! Қорғау керек!» Бар түсінік - осы. Қасиетті түсінік. Өйткені жанды-жансыздың бәрі үшін де ең қасиеттісі - Отан! Жан-жануар, өсімдіктер дүниесіне дейін. Ал адам баласы үшін Отаннан қасиетті ештеңе жоқ қой. * * *

-Соғыстың аты-соғыс. Адам «Өліп қалам-ау!» деп ойламай тұрмайтын шығар. Өзіміз соғысып көрмегенбіз. Қандай психология болатынын білмейміз ғой. Бір емес, бірнеше рет барған. Қорқу жағы қалай екен?-деймін ғой Ғалымға.

-Папамнан о жағын да сұрадым ғой. Әуелі Курск доғасындағы соғысқа қатысып, жараланып, ауруханаға түседі. «Комиссияға салып, бері жөнелтіп, ақырында Москвадағы Бас Штабтың бірдемесін жөндеп жатырмыз», сержант болған, қарамағына он алты адам берген, содан «Күніге екі адамды соғысқа қашырам» дейді. «Соғысқа қашып кетті. Батысқа» деп, күніге екі адамның документін апарып беремін. Сөйте-сөйте, Өзбекстаннан келген Трохин деген орыс бар еді, сол екеуіміз ғана қалдық. Трохиннің аяғынан, менің жамбасымнан оқ тиген. Ең ақырында Трохин екеуіміз соғысқа қаштық. Бір пойызбен өңкей жас балаларды әкеле жатыр екен, жүгіріп барып мініп алдық, алдында мінгізбейді, пойыз жүріп бара жатқанда, міндік. Бір жас офицер болды, эшолонның ішінде штаб бар екен, «Мыналар-қашқындар» деп екеуімізді сонда айдап апарды. Бір Совет Одағының Батыры пойызда командашы екен. «Мыналар-қашқындар, ұстап алдық» деді соған. «Қайдағы қашқың! Біз-мынадаймыз. Міне документ. Біз соғысқа барамыз. Соғысқа барғымыз келеді» дедік. Бір жерге барғасын бүкіл солдат жерге түсті. Бүкіл солдатты сапқа тұрғызды. Біз екеуімізді алға шығарды. «Міне, нағыз вояктер! Соғыстың иісін біледі. Сендер - жас-сыңдар» деп бізді үлгі қып көрсетті ғой. «Міне, тағы соғысқа кетіп бара жатыр. Екеуі де жарамайды, жаралы өздері» деп, дереу бұйрық берді: «Ешкімге чест бермейсіндер, еркін жүресіңдер» деді. Себебі, Трохиннің аяғы шолтаң ете қалатын да, менің де жамбасым чест бергенге келе бермейтін. Ашпыз. Содан бізге консерві, тамақ берді. «Содан тамақты ұра» деп қояды папам. «Тамағын жеп жатырмыз. Украинаның Бобруск деген жеріне барған кезде, айтты: «Соғыс бітіп жатыр. Үйлеріңе, әке-шешелеріңе қайтыңдар» деп бізді тастап кетті. Айтсақ, көнбейді. «Абайлаңдар, әлі күнге кейбіреулердің подвалында немістер жатады екен, босқа оққа ұшып қалмаңдар» деді.

Сонда атам тазыны ертіп бір жаққа кеткен екен. Аtpен кетеді ғой, қамбашы ма, мал қайырып жүрген бе, әйтеуір бір жұмыс істеп жүрген. Әйтеуір ауылда емес екен. Папам келіп, бүкіл ауылда той боп жатыр ғой, той дегенде, келген жұртқа талқан беретін шығар, болмаса, ешкі ме, қой ма, соятын шығар, сөйтіп мәре-сәре боп жатады, атам ауылға жақындап келген кезде, жаңағы тазы үйге қарай зуылдады дейді ғой. «Бұл неғып бұйтты?» деп атам да түсінбей қалады. Атын тебін-ікіреп келеді. Келсе, үйдің іші адамға толы екен, папам терде отыр, сонда, жаңағы Тұйғын есіктен кіріп кеп, төрге атылды дейді ғой. Сөйтіп папама барып жабысқанда, сол жерде отырған адамның бәрі жылады дейді.

Олар түгілі, бұл асыл хикаяны машинаға басқанда, менің де бүкіл денем дуылдап, көзім жасқа толып шыға келді. Ойыңа әрдеңе түседі екен. Күллі адамзаттың дүниетанымында иттің адалдығы жайында небір эпсаналар бар ғой. Ал енді жаңағы жануардың қылығы-жай ғана адалдық емес қой, қасиетті құбылыс. Өз ба-сым осылай түсінемін.

-Иттің берілгендігі... Осыны айтқан кезде, менің өзімнің де көңілім босайтын,-деп жалғады Ғалым.

-Иттің адалдығы дейміз. Иттің де сырттандары бар ғой. Қазақтың дала-сындағы сол кездегі иттердің бәрі жақсы еді. Қазір қарасаң, қандан бе, бірдеңелер қаптады. Шала ит қаптап кетті. Бұлардың иттік қасиеті де жоқ, миы да жоқ. Бұл иттерің шәуілдейді де жүреді. Баяғы иттер-қандай иттер! Олардың тұқымы да-асыл, қылығы, іс-әрекеті де-асыл,-деп түйіндеді Ғалекең.

 Шаңырақтың иесі -
 Есенсары әкесі
 Тұйғынмен жүрген мал бағып
 Жұлдыздай ақты бір қарғып
 Арбады ненің елесі?
 Заулаған бойы үйге кеп
 Атылды оқша ит-серек
 Терде отырған Ысмағұл
 Көрініп көзге тым өрек
 Жарықтық иттің адалы-ай
 Құшағына құлады-ай
 Зарығып тоқсан иесін
 Отырған қауым жылады-ай
 Көзінің жасын бұлады-ай
 Зарықтырған тектіні
 Алағай заман, бұлағай
 Адамзат-ау, бұл қалай?
 Алты жылдық қырғында
 Кеуде көріп герман да
 Қанқасап қып орыс та
 Өлімші боп тұрғанда
 Талай жұртты азырды
 Өзгелер босқа құрбан да!..
 Ес кіре ме адамға?
 Ынтымақ керек жаһанға
 Тыныштық керек адалға
 Шамдан, мейлі, шамданба
 Ештеңе жетпес жалғанда
 Татулық пен аманға
 Айып тақпа заманға
 Заманның кілті - адамда
 Мұны ұқпаса адамзат
 Қасырет нағыз - жаман да!

... Періште сәби, қадамда
 Бейбітшілік заманда
 Бақыты сенсің өмірдің
 Қым-қуыт мынау ғаламда!

Алғы күндерге жалғаған

Ата-бабаларымыздың мама-аналарымыздың, әке-шешелеріміздің алдында қарыздармыз біз. Бәріміз. Бұл қарыздарымызды қалай өтер екен біз?!

Сондай ауыртпалықты, мың құбылған ойнамалы саясаттардың тұстарында аман қалып, Ел игілігіне талмастан қызмет ету, Самағұл әке мен Ақболтай ананың он перзентті әдім-ұлыққа жеткізіп, оқытып, тоқытып, баулып, мына өміріміздің шырайын арттыруға хал-қадерлерінше ақдал көңілімен септесіп, кісілік парасат, болмыстарымен жүргендерінің өзі-ұлы құбылыс қой.

1947 жылдың 22-мамырында соғыстан келіп, бес жыл «1-Май» бастауыш мектебінде ұстаз болып қызмет етеді. 1959 жылы Шымкент қаласына барып кітапханашының арнайы оқуын өте жақсы бағамен бітіріп келеді. Қауым ісіне де, кәсібі мен мамандығына да, жалпы игілікті іс-әрекетерге құлшына кірісетін табиғат ұзамай-ақ көптің ыстық ықыласына бөленіп, кімсің пәленше бола бастайды ғой. Соғыстан кейінгі ауыртпалықты кезең. Шаруашылықтар да, адамдардың көңілі де ортайып қалған тұс. Үңірейіп тұр барлық жерде. Мамандықты тез игеру керек. Білгенің бойынша жұртқа қызмет қыл. Үйрет, көңілін көтер, жігерлендір. Сергіліс керек. Алға жалғасын. Өзіңмен бірге ілгері ұмсынта біл. Мәдениет қызметкерлері кітапты елге таратып, үгіт, концерттік бригадалар ұйымдастырып, малшылар қауымына, жалпы жұртшылыққа маңызды-



маңызды кештер, салтанаттар ұйымдастырады. Осы игіліктердің ортасында, басы-қасында Смағұл жүреді. Тынбай. Баяғы табиғаты, барымен ұмсыну. Ақдал қызметі сол баяғы. Кітапхана, клуб жұмысы Смағұл араласқаннан бастап-ақ ерекше сипат алып, облыс бойынша бірінші орын алуы-үйреншікті жайға айналады. Ендігі жерде бай тәжірибесін айналаға өнеге ретінде тарату жай тұр еді. Жалпы жұртшылық та, оқырмандар да, тиісті саланың мамандары да осыны құп көреді дегендей. «Құмкент», «Баба-Ата», «Калинин», «Сызған» «Созақ», «Жуантөбе», «Тасты», «Шу» кітапханаларына арнайы барып іс-тәжірибелерін ерінбей-жалықпай үйретіп, отандастарымызды рухани әлемнің қызметіне баулып отыруы - өз алдына бір хикая. Сол баяғы көп үшін барымен ұмсынатын ділдің тірлігі ғой.

Адалдық

Ауданның магазині, поштасы кісіден арылмайды ғой. Әсіресе зейнетақы түскен күндері. Поштада адам ырғын. Смағұл қарт та барады. Ақболтай анамыз бірге жүр. Ақсақалына қарағанда жастау, оның үстіне, әйел адам, анау-мынау тірлікке икемділеу дегендей. Отағасын ертіп келген есебі ғой. Алайда қазақы болмыстағы аналардың бір ұстанымы, сүйектегі қасиеті ерінің шаруасына көп араласа бермейді, әсіресе жұрттың көзінше. Сол болмыстың дегеніне бағып, алыстау, анадай жерде қарап тұрады. Жасы келген қария, ентелескен жұрт ақсақалды кезексіз жібереді, әрине. Зейнетақысы қолына тиді. Санап көрсе, артық. Поштасы қызға артық екенін айтып, қайта береді. Қыз қайта санайды ғой. Артық еместігін айтып, қайта береді. Жұрт болса тызақтап тұр. Іштерінен не айтып тұрғандарын Құдай білсін. Содан сыртыққа шығып, алыстап кетеді ғой. Көңілдегі күдігі кетпей, былайы шыққан соң Ақболтайға «Мынау артық сияқты, сен санашы» дейді ғой. Санайды дереу. Артық. Содан, не керек, әлгі артық соманы алады да,

алыста қалған поштаға Смекең қайта барып, шуылдаған жұртқа сөйлейді ғой. Сөз нобайы, «Мынау артық екен. Сонша шуылдадыңдар. Әркім өстіп артығын ап кете берсе, мына қызға обал емес пе!» дегенге саяды, пошташыға да «Шырағым-ау, ықтиятты болсайшы» дейді ғой.

Көптің игілігі - өз игілігі

Көптің тірлігі дегенде, қарап тұра алмай, бірден араласа кететін адамдар болады. Біздің Ғалым сол табиғаттан. Қай жерде бір жаңа бастама, игілік, көпшілік ұйысқан жерді көрсе, соның басында немесе қалың ортасында осы Ғалым жүреді. Сөйтсем, атасы Есенсары да, әкесі Смағұл да осылай екен. «Қан деген

қалай,ә!» деп таңқалдым. Ата-әке-не-мере. Үшеуінің де табиғаты-бір. Бой-бағып шет қалу деген жоқ. Көбінесе бастамашыл ауанмен жүргендері.

- Кітапхана бай еді. Аудан бойынша кітапханамыз алдыңғы қатарда болды. Сол кітапхана жөнінен папам озат та атанды. Қағаз қораппен келіп түседі. Алты-жеті қорап болады. Үйге әкеліп, қашан документін реттеп бітіргенше, ашпаңдар дейді. Кітаптың да документі бар. Бірақ біз оған дейін шыдай алмаймыз, жайлап қораптың шетін жыртамыз, қандай кітап келгенін көреміз. Папам ол жағына өте қатал, білсе, ұсады. Кітаптың бәрін жаяды да, инвентаризация деген болады, қай кітап қай серияға, қай топқа жатады, барлығын жүйелейді, нөмірлейді.

Жақсы білем, кітапхананың жұмысы-ауыр. Сонда жаңағы Жорашбек, Әуезбек, Шыныбек бастаған ағаларымыз терезенің алдында тұрады. Біздің аңдып жүргенімізді папам біледі, қасына келсем, «Кетіңдер» деп қуады.

-Документтерінің бәрін дұрыстап қояйық, кітапханаға апарып қоям, сосын көресіңдер, - дейді.

Есенсарыұлы Смағұл
 Аты шыққан сыпа бұл
 Төрт реттен соғысқа
 Сұранып та барған ұл
 Аман-есен қайтқан дүр
 Көргендерін ұлысқа
 Шежіре қып айтқан бір
 Қайсарлығы - дұрыс та
 Қауым мақтан қылысқан
 Құр емес-ті ырыстан
 Жақсылармен ұғысқан
 Кітап жыпы оқыған
 Көкейіне тоқыған
 Көппен бірге толқыған
 Қалайтын жан толыны
 Толтырам деп олқыны
 Кітап-мұхит: Алаштың
 Кем-кетізі толтырды
 Білігімен ары асты
 Талай істі болдырды
 Қауымына қарасты
 Елге бақты қондырды
 Көздегені - жарастық

Жүрегінде сол тұрды!

Жасампаз болмыс

Майданда да, бейбіт өмірде де марапат, мақтау, алғыс алып жүрді. Смағұл ағамыз Жартытөбе совхозында Ардагерлер Советінің төрағасы болып үш жарым жыл істеді. Аудандық Ардагерлер Кеңесінің мүшесі, Пленум мүшесі болды. Созақ ауданы бойынша соғыс ардагерлері арасында жақсы жұмыс істегені үшін Екінші Дүниежүзілік Соғысының Батыры, авиация маршалы А.Силантьев «На грудное знаком СКВВ» белгісімен марапатталады. Шалғайдағы елді мекендерде кітапхана ісін жандандырып, үгіт-насихат жүргізгені Қазақ ССР-і Мәдениет министрі меен Қазақ ССР-і Кәсіподақ председателінен, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитет секретарынан, облыс, аудан, совхоз басшыларынан дипломдарымен, мақтау қағаздарымен марапатталған. Ең бастысы халқының алғысына бөленді.

Аққолтық ауылындағы Шоқан Уалиханов атындағы орта мектеп кітапханасына Есенсарыұлы Смағұлдай жасампаз қазақтың атының берілуі де - туған халқының ардагерге деген ыстық ықыласының нышаны еді ғой.

Ата-бабаларымыздың, әке-аналарымыздың, әке-шешелеріміздің алдында қарыздармыз біз. Бәріміз. Бұл қарыздарымызды қалай өтер екенбіз?!

Қаншама ауыртпалықты, мың құбылған ойнамалы саясаттардың тұстарында аман қалып, Ел игілігіне талмастан қызмет ету, Самағұл әке мен Ақболтай ананың он перзентті әдім-ұлыққа жеткізіп, оқытып, тоқытып, баулып, мына өміріміздің шырайын арттыруға хал-қадерлерінше ақдал көңілмен септесіп, кісілік парасат, болмыстарымен жүргендерінің өзі-ұлы құбылыс қой. Смағұл ағамен шүйіркелесіп үлгермесем де, Ақболтай апамызды көрдім. Лебізін тыңдадық. Айнала ағайынның ау-жайын аңдадық. Ауылдастардың да, үлкен-кішілердің де, балалары мен келіндерінің пайымдауынан да анық байқалып тұрған бір сүйенерлік, ішіді жылытқан құбылыс-бұл кісілердің бір-біріне лайықты, жарасымды жұп болғандығы. Қиыншылықты да, қызықтылықты да бірге көріп, сүйектегі дегдарлық пен тазалықты, адалдық пен бауырмалдықты, еңбекшілдік пен ізденімпаздықты өз өмірлеріндегі іс-әрекеттерімен, кісілік болмыстарымен көрсете алғандығы. Сол жасампаз қасиеттерді жүрген орталарына сіңіріп, қалыптастара алуы. Смағұл-Әке, Ақболтай-Ана секілді жасампаздардың болғанына шүкір дейміз. Іштей мақтаныш етеміз.

Соғысқа барды. Төрт рет. Он бала өсірді. Бәрін жетілдірді. Былай қарасаңыз, мүлдем шұңтиған сөйлемдер ғой. Ал енді осы шұңтиған сөйлемдердің астарына үңіліңізіші, қандай ұлы тарих жатыр. Он бала. Оларды жеткізу. Және бұл қандай дәуірлер тұсында деңіз! Ашаршылық, атыпасу, қуғындау, тәркілеу, соғыстар, одан кейінгі жоқ-жітік кезең. Осыларды көріп жүріп, бастан кеше жүріп жеткізу. Ең бастысы, адам болып қалу, қазақ болып қалу. Айтуға ғана оңай. Мәселен, бүгіндері біздің кейбір пигылы бұзылған ұлтанқұлдар не істеп жүр? Бір бала тапқанды ерлік көріп, мемлекетке алақан жаяды. Осыған ұялмайды да, қызармайды да. Қасиетті Қазақ Жерін қазақпен толтыру - қай қазақтың арманы емес дейсіз. Сол арманды үн-түнсіз жүріп-ақ, дабырайтпай-ақ, жүзеге асыруға ұмтылған Смағұлдар мен Ақболтайлар ғой. Ал енді кеп, осының сырын да, астарын да, күнделікті қарапайым өмірдегі тындырған ерлігін де аңғармаған боламыз, елемейміз. Содан келіп кейбір мыржықбастар болмасты боталы түйе қылса, жатып кеп ренжиміз. Әлбетте, мұндайда түк бітірмегендер де қатырды деп көкіді. Он баланы әдімұлыққа жеткізгендерді аспанға көтеріп ұлықтамасақ...

Темірхан МОМБЕКҰЛЫ,
 Қазақстан Жазушылар
 Одағының мүшесі,
 велосаяхатшы,
 Түркістан.

ЖКХ басшысы сауалдарымызға жауап берді

«Көптен күткен, көптің көңілін күпті еткен көгілдір отын күзде келетін болды! Иә, шынында Шолаққорған халқы 2015 жылдан бері зарыға күткен көгілдір отынның жыры бір таусылмай-ақ қойды. Бұл жайлы мен 2018, 2020, 2021 жылдары «Көгілдір отынның рахатын көрер күн келер ма екен?»-деген мазмұнда аудандық «Созақ үні» газетінде бірнеше мақала жазған екенмін! Осы жылдар аралығында ауданымызда бірер әкім және бір-екі ЖКХ бөлім басшылары ауысқан екен. Сол бөлім басшыларының да барлығымен сұхбат алып, ауданымыздағы мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері арнайы жасақталған жұмысшы топтың құрамында қоғамдық қадағалауларға шыққан екенмін! Міне, содан бері де арадан табандай алты жыл ағып өтті! Осы аралықта екі бірдей әкім Түркістан облысының басшылығына келіп, ауданымыздың халқымен болған есепті кездесулерінде уәде берумен келді! Оның арасында өз елімізден шыққан азамат ауданымыздың басшылығына келіп, бұл мәселені қадағалауына алды. Тіпті, былтыр күзде Аманат партиясының ұсынысымен аудан әкімінің сайлауына түскенінде де Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы сайлаушыларымен кездесуінде: «Құдай қаласа 2024 жылдың күзіне Шолаққорған ауылына газ кіргізуге жұмыс жасаймыз!»- деп уәде берген болатын. Дегенмен «Сабақты ине сәтімнен!»- деп, сол облыс және аудан басшылары уәде еткен күн де жақындап қалды.

Бұл жайындағы ақпарат аудандық «Созақ үні» газетінің 10 сәуір күнгі санында жарияланған аудан әкімінің жыл басынан атқарған жұмыстары жайлы жаңалықтар топтамасында мынадай тақырыпшамен берілген болатын:

«АУДАН БАСШЫСЫ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ГАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ: Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков автоматтандырылған газ тарату станциясында болып, жұмыс барысымен танысты. Бүгінгі таңда онда «Стройгаз» ЖШС-і арқылы газ тарату қондырғысына қажетті блоктар жеткізіліп, монтаждау жұмыстары жүруде. Аудан басшысы мердігер мекеменің өкілдерімен тілдесіп, монтаждау жұмыстарын өз уақытында сапалы атқаруды ескертті. Жауапты мамандарға әрбір істі жіті бақылауды тапсырды. Айта кетейік, Шолаққорған ауылын табиғи газбен қамту үшін «Шолаққорған ауылдық округінің газ тарату желісін салу» жұмыс жобасы бойынша 190 шақырымды құрайтын 100-ге жуық көшеде орналасқан 3200 абонентке газ құбыры жүргізіліп, шкафты газ реттеу пунктін орындары дайындалған. Былғы жылы АГТС қондырғыларын толық орнатып, Шолаққорған ауылы мен Жеткеншек елді мекені тұрғындарын табиғи газбен қамту жоспарлануда. Бұл бағыттағы жұмыстар аудан басшысының жіті бақылауында».

Міне, осы жайлы аудан жұртшылығына толыққанды ақпарат беру үшін аудан әкімдігінің ЖКХ бөлімінің басшысы Дәулет Құдайбергеновке жолығып, сұхбаттастым. Дәулет Берікұлының айтуынша, «StroiGazCompany» мердігер компаниясының Шолаққорған ауылына Жаңатастың бұрылысынан тартылған 43 шақырымды құрайтын сыртқы газ желісі 100% тартылып біткен көрінеді! Ал, ауылымыздың ішіне «BuildStroi» ЖШС жүргізген газ құбырлары 95 % ға бітіпті! Ендігі жерде, барлық жұмыстар Шолаққорғаннан Шымкентке шығар күре жолдың оң жағына орналасқан газ мекемесінің аумағына орын тебуі тиіс АГТС (автоматтандырылған газ тарататын станса) қондырғысының келуіне байлаулы болатын. Бұл жайында 2022 жылдың 17 қараша күні аудандық «Созақ үні» газетінің кезекті бір санында: «Қоғамдық кеңес қоғамның алаңдауын назарға алды» деген тақырыптағы мақалама жазған екенмін. Мәселенің мән-жайын оқырмандарымының есіне салайын:



«Жалпы, бұл азаматтарға да сол көпшіліктің көкейінде жүрген: «Сыртқы газ жұмыстарының құрылысын қашан аяқтауды жоспарлап отырсыздар? Неге, газ құбырларларын жүргізу жұмыстары көшеуілдеп жатыр?»-деген мағынадағы сұрақтар болды. «StroiGazCompany» ЖШС-нің аумақ басшысы (начальник участка) Асан Молдабеков пен Инженер ТБ Сәрсен Қоржынбаевтың айтуынша, осы сыртқы газ құбырларының құрылысына бюджеттен бөлінген 4,3 млрд қаржының бүгінгі таңға 2,4 млрдқа жуығы игерілген көрінеді. Яғни, жалпы жоспардағы жұмыстың 70 пайызын атқарып қойған-мыс. Ендігі жерде Ресейден келетін газ қондырғысына қарап отырғанға ұқсайды. Қазіргі таңда сол қондырғыны орнататын арнайы орынды дайындап қойыпты. Әрине, бұған сол қондырғыны орнататын арнайы аймаққа барғанымзда өзіміз де көз жеткіздік. Мердігер компания қызметкерлері осы арнайы аймақты қорша жұмыстарына қажетті материалдардың да жеткізіліп, дайын тұрғанын, тек, жүргізу жұмыстары ғана қалғанын алға тартумен болды. Бұйыртса, облыс әкімі Дархан Сатыбалды мырза аудан халқымен кездесуде ауданымыздың Құрметті азаматы Бүркіт Арынбеков қарияның сұрағына берген жауабына орай келесі, 2023 жылдың аяғына толықтай бітіреміз деп отыр. Дегенмен, мынау Ресей мен Украина арасындағы шиеленіске байланысты жалпы тауардың бағасының шарықтап кету бұл жобаға да өз әсерін тигізіп отырғанын да жасырмады. Осы ретте, мердігер компания металық құжатта қаралған қаражатқа өзгерістер енгізуге ұсыныс бергендерін де жоққа шығармады. Демек, бұл күтпеген жағдайда ертеңгі күні ауданымызға келетін көгілдір отынның көшеуілдеуіне де өз зиянын тигізген ма екен деген күдік жоқ емес. Қайткенмен де басқа-облыс әкімінің өзі уәде беріп отырған соң, сенгеннен басқа шарамыз жоқ. Ендеше, сол құрылыс жұмыстары уақытылы бітіп, көгілдір отынның қызығын көретін күнге жеткенше еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын дегеннен басқа амалымыз жоқ»-деп, қайырған екенмін!

Сөйткен АГТС қондырғысы да Ресей жерінен шығып, алғашқы бөлшек құрылғылары ауылымызға келіп жетіпті. Бұйыртса бөлшек құрылғылары келіп біткен соң қондырғыны орнатудың өзіне біраз уақыт кететін сықылды. Осы ретте, тарсырыс беруші аудан әкімдігі мердігер компанияға қондырғыны тамыз айының соңына дейін орнатып бітуді талап етіп қойыпты. Оған әрісінде сол қыркүйек-қазан айларында жалпы құбыр жүйелерінің құрылысын аяқтап, ауа қысымын беріп, құбырлардың дұрыс бұрыстығын тексеріп алу қалып отыр. Сонан соң, бұрынғы ҚазТрансГаз (қазіргі Қазақ-Газ) компаниясымен келісіп, көгілдір отынды ауылымызға, ауданымызға жеткізуіне қалды. Дәулет Құдайбергеновтың сөзінше, бұл жұмыспен облыс әкімдігінің Құрылыс басқармасы айналысып жатқан көрінеді.

Әрине, ауыл тұрғындарының ішкі

және сыртқы газ желілерінің, Ақшам-Наурыз ықшам аудандарында жүргізіліп жатқан су құбырларының сапасына, сол құбырлар жүргеннен соңғы көшелердің асфальт жолдарына қатысты да сан сауалдары бар. Бұл жөнінде де мен былтыр, 2023 жылы әлеуметтік желілерде мәселе көтерген болатынмын. «Facebook» әлеуметтік желісіндегі «SozaqNews» парақшамызда: «Су ағар, жарылған жол қалар!» деген тақырыпта пост жариялаған болатынмын, мұны да назарларыңызға ұсынайын: «Шолаққорғандықтарым! Құдайға шүкір, қойнауы толық қазына қарт Қаратау себепті ауылымыз өзге аудан орталықтарына қарағанда біріннен кейін, біріннен ілгері! Тіпті, қайсыбір қалаларға қарағанда көш ілгеріміз! Көшелеріміз рет-ретімен асфальтталып, жарықтандырылып жатыр! Енді міне, газ құбырлары тартылып жатыр! Бір-екі айдың жүзі болды, Наурыз және Ақшам ықшам аудандарына су құбырлары жүргізілуде, бұйыртса таза ауыз су ішеміз деген үміттеміз! Тағы да көшелеріміз жарықтандырылады дегенді де естіп қуанудамыз! Әрине, мұнда жергілікті биліктің тізгінін ұстаған аға-інілеріміздің де еңбегі ерен! Олардың лауазымдарының аты «мем-қызметкер» (халықтың қызметшісі болған соң, сол үшін халықтың қазынасынан жалақы алған соң) болғаны үшін көбінесе: «міндеті ғой»-деп қоя саламыз! Есесіне, сол халық биліктің тізгінін берген өкімет аямай алғысын білдіріп, марапаттауда! Демек, осы халықтың марапаты деп білгендері дұрыс. Сонымен, түріктердің «ат ізіне ит ізі қарышқан (араласқан) заман болды»-деген сөзіндегідей, көшелерімізде газ және су құбырлары араласып кетті. Ертеңгі иілігіні ойлап, азмаз қолайсыздықтарға шыдап, сабыр етуде халық. Десекте, жұмыс болған жерде ғана кемшілік болатыны бесенеден белгілі ғой. Сол ат ізі мен ит ізі араласқан ауылымызда, инфрақұрылым жүріп жатқан Наурыз және Ақшам ықшам аудандарына тиесілі көшелерде мынадай жағдайлар орын алуда: Біріншіден, газ және су құбырларын жүргізуші мердігер компанияларының арасында үйлесімдік болмағаны себепті бір-бірінің (бұрыннан жүргізілгендері де бар) жүргізген құбырларын тесіп, жарып кетуде. Әрине, халықтың айқайынан қорқып, артынша жамап-жасқап кетуде. Бірақ, бір-бірінің проекттеріне қарап, үйлесімдікте, сметаға сай, қатесіз жұмыс істеу тұрғанда, үзіп-жарып, қиратып, артынан түзгендерінің орыны олық болып қалмай ма? Екіншіден, сап-сау (әрең, қыруар қаржымен қол жеткен) асфальт жолдардың астын тесіп, келесі бетке абонент өткізу үшін пластмасс трубалар өткізуде. Жарайды ғой, егер ГНБ деп аталатын құрылғыларымен труба өтетін жерді нақты тесіп жатса, керісінше: «жерлеріңіз тасы көп екен, 4 құрылғы сындырдық»-деп, қолмен қазуда. Қолмен қазған соң оңа ма, адам сиятын үңгірлерден трубаларды өткізіп, жандарын топырақпен жауып кетуде. Ертең, күндердің күнінде: «сұрап алған байымды сиыр теуіп өлтірді»-дегеннің кері келіп, әрең қол жеткен

асфальт жолдарымыз (ойылып-ойылып) Абай көшесінің асфальт жолының күйін кешпес пе екен? Үшіншіден, қойып жатқан цемент құдықтарын (кольцо) тұрғындар: «асфальт жол» дегеннен әлде қайда төмен қойылып жатыр»-деуде. Мұның дұрыс, бұрысы қайсы? Төртіншіден, ауыл көшелеріне жүргізілген газ құбырларынан әр екі үйге бір «выход» шығарып кеткен. Оларды да бір көшеде темір трубамен шығарып, түбін цементпен құйып кеткен. Енді бір көшелерде пластмасс трубалармен шығарып, түбіне цемент құймай кеткен. Нәтижесінде, көше балалары ойнап, бірқатарын жұлып алып кеткен! Міне, осындай олқылықтардың орын алуына кім жауапты? Әрине, бірінші кезекте жергілікті билік, ЖКХ бөлімі жауапты. Себебі, тапсырыс беруші солар. Ендеше, құрметті ауыл әкімі Әділ Елібаев және ЖКХ басшысы Дәулет Құдайбергенов! Сіздердің бұл жәйттардан хабарларыңыз бар ма?-деудің өзі орынсыз шығар. Біріншіден, бұл сіздердің тікелей міндеттеріңіз. Екіншіден, қоғам белсендісі ретінде мен өзім сіздерді бірнеше ескерттім! Сосын, аудандық мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңестің мүшелері мына құрылыс жұмыстары біткенше, бір жұмысшы топ шығарып, бақылауға алсаңыздар нұр үстіне нұр болар еді! Әрине, ең бастысы ауыл азаматтары, көше тұрғындары (қоғамдастық мүшелері) сіздер мен біздер бұл жұмыстарды қадағалап, қоғамдық бақылау жүргізіп үйренуіміз керек! Себебі, бұл тірліктің барлығы сіз бенен біздің игілігіміз үшін жасалып жатыр. Әсіресе, ауыл ақсақалдары мен жастар сәл ояныпқы, белсендірек болыңыздар! Бәрін билік істеп береді деген енжарлықтан, немқұрайдылықтан арылуымыз қажет. Үйлеріміз, аулаларымызға қамалып отырып алмай, көшеге шығайық, жергілікті билік көшемізге дейін кіргізіп беріп жатқан игілікті, бюджеттен бөлінген қаржыға келген дүниені шашау шығартпай қадағалап, сметаға сай қабылдап алайық! «Жыламаған бала емшек қайда?»-демекші, өзіміз ізденбесек, ертелі-кеш билік біз үшін істеп береді деп қол қусырып отырсақ, ел болмаймыз, ағайын, ауылдастар!

Сұхбат барысында көптің көңілін күпті еткен бұл сұрақтардың да жауабын алудың реті келді. ЖКХ басшысының жауабына сенсек, ауыл тұрғындарының алаңдаушылығы орынды екен және бұл жәйт аудан әкімдігінің қадағалауында секілді. Ертең, газ келіп тұрғындардың пайдалануына берерде ҚазақГаз мекемесі, тапсырыс беруші аудан әкімдігі жіті бақылап, тексеріп аламыз деп жауап қайырды. Жобаға сай болмаған, қандай да бір қателіктерге жол берілген жағдайда, мердігердің жұмысы қабылданбайды деді. Ал енді, Ақшам-Наурыз ықшам аудандарының тұрғындары үйлерінің сыртына барып тұрған ауыз суды үйлеріне тартып ала берсін! Себебі, сәуірдің 15 күні ауылымыздың жоғарғы жағынан қазылған құдықтардың суын жинайтын қондырғыларға жиналған ауыз суды абоненттердің пайдалануына береміз деп отыр. Ескерту: Бұл бағытта жұмыс жүріп жатыр, бірақ, әлі ауыз абоненттерге берілмеді.

Жалпы, Дәулет Берікұлымен болған сұхбатымызда аудан, ауыл халқының көңілін күпті етіп жүрген көптеген сауалдарымызға жауап ала алдым.

ЖКХ бөлім басшысының кабинетінде басталған сұхбатымыз, жоғарыда сөз болған АГТС орнатылатын аймақта соңына жетті.

Сөз соңында: «Мына, аудан жұртшылығының көгілдір отынға қатысты көкейлерін келген сан сауалдарға жауап беру үшін сұхбатқа келіскен аудан әкімдігі ЖКХ бөлімінің басшысы Дәулет Құдайбергеновке ризашылығымызды білдіріп, алдағы жұмыстарына табыс тілеймін!

Данияр БЕК,
аудандық «Созақ үні» газетінің
аға тілшісі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Асыл АД» ЖШС-і, «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылының батыс бөлігіндегі стихиялық қоқыс тастау орнын жою жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің материалдары бойынша қоғамдық талқылаулар қызметтерін өткізетіні туралы хабарлайды.

Барлық азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелерді талқылауға, қатысуға мүмкіндік беріледі.

Жоба материалдарымен танысу, жұртшылықтан қағаз немесе электрондық нысанда ұсыныстар мен ұсыныстарды қабылдау, 18.04.2024ж қоғамдық тыңдау басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мына мекен жайлар бойынша: бірыңғай экологиялық портал <https://ecoportal.kz> және «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, a.esenbai@ontustik.gov.kz, 160023 Түркістан облысы, Түркістан қ., ш/а. Жаңа қала, 32.20 көшесінде қабылданады.

Ботулизмнен сақтанайық!

Ботулизм - жиі жағдайда жүйке жүйесін зақымдайтын, қазаға ұшырау мүмкіндігі зор, тағам арқылы улану жқпасы. Осы ауруға жиі шалдығу қауіпі консервіленген тамақ өнімдерін жаппай пайдалану кезінде артады. Адамдардың көпшілігі өнімдерді (балық, ет өнімдерін, консервіленген көкөністер мен саңырауқұлақтар т.б.) үй жағдайында қысқа дайындағанда немесе осындай өнімдерді көшедегі рқсат етілмеген сауда орындарына сатып алған кезде, оның өңделуі, консервілеу тәртібінің сақталмауы туралы ойлана бермейді. Осы жерде «неге консервілер ботулизмге себеп болды?» деген сұрақ туындайды. Ботулизм қоздырғышы – токсин, оттегі жоқ жерде кездеседі. Мұндай оттексіз орта тұмшаланып жабылған банкілерде, қатты тамақ өнімдерінде (шұжық, тұздалған, қақталған, ысталған балық т.б.) болады. Сол үшін осындай өнімдерді үй жағдайында дайындау барысында даярлау технологиясына мұқият көңіл бөлу керек. Етті, балықты дұрыс өңдеу, саңырауқұлақтарды, көкөністерді, жемістерді топырақтан дұрыс тазарту, өнімдерді жоғары температурда қыздыру, қайнату, қуыру керек.

Ботулизм қоздырғышының токсиндері барынша күшті улардың бірі және олар ауру тудырады. Аурушандықты тудыратын қоздырғыштың ерекшелігі: ыдыстың ішінде токсин бір жерге немесе көкөніске ғана үйіліп, жиналуы мүмкін. Міне сондықтан да бір ыдыстан бірге жеген өнімнен (саңырауқұлақ, көкөніс, балық, ет) кейбір адамдар ауырып, кейбірі ауырмай жатады.

Уланудың алғашқы белгілері өнімді пайдаланғаннан соң 2-3 сағаттан кейін, кейде 7-10 күннен кейін пайда болады. Ағзаға түскен токсин («у») көбірек түскен сайын аурудың инкубациялық кезеңі де қысқарады және ағымы да ауырлай түседі. Улану көптеген белгілерімен бірінен кейін бірі жылдам әрі жедел туындайды - әлсіздік, бастың айналуы, бас аурулары басталады. Аурудың белгілері әртүрлі болып байқалады. Ботулизм сырқатының ар-

найы белгісіне көздің көргіштігінің және жұтынудың бұзылу симптомдары жатады, көптеген жағдайларда аурудың алғашқы сағаттарынан бастап дамиды. Науқастар көз алдындағы «тұманға», «торға», «кылпыққа» шағымданады. Әдеттегі жазуларды оқуы қиындайды.

Назар аударыңыз! Денсаулықты сақтау үшін мыналарды білу қажет:

1.Көше саудасы орындарындағы жеке тұлғалардан үй жағдайында консервіленген өнімдерді (балық, ет өнімдерін, консервіленген көкөністер мен саңырауқұлақтар т.б.) сатып алудан аулақ болыңыз.

2.Тамақ өнімдерін сақтаудың температуралық режимін сақтаңыз (үй консервілерін 0-3 С температурада сақтап, қақпағы көтерілген банкілердегі өнімді жойыңыз).

3.Үй жағдайында тамақ өнімдерін даярлау технологиясын қатаң сақтаңыз (шикізаттарды, банкілерді, азық-түліктерді жоғарғы қызумен өңдеңіз). Өнімді консервілеуде тұз, қант пен қышқылының мөлшерін тек рецепт бойынша салыңыз. Бұл токсиннің жиналмауына себепші болады.

4.Ең бастысы, үй жағдайында әзірленген кез-келген көкөніс, жеміс-жидек, саңырауқұлақтар толығымен тазартылмайтынын естен шығармаған жөн. Ешқандай рецепт ботулиндік микробтардың пайда болуының алдын ала алмайды. Сондықтан үй жағдайында дайындалған өнімді пайдаланар алдында оны ыдысқа салып, 15-20 минут қайнату керек. Қайнату үрдісі пайда болған токсинді жойып жібереді. Өнімді пайдаланар алдында қайнату – ботулизмнің алдын алудың негізгі шарасы.

Ботулизмнің алғашқы белгілері пайда болған кезде өз бетіңізше емделмей, бірден медициналық көмекке жүгініңіздер!!! Сіздердің денсаулықтарыңыз бен өмірлеріңізді дер кезіндегі кәсіби медициналық көмек қана аман сақтап қала алады!

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЗББ
басшысы.

Қазіргі таңда, қуатты Қазақстанды қалыптастыру – мемлекет саясатының басыма бағыты ретінде айрықша маңызға ие болып отыр. Десе де, мемлекет экономикасын тұралатуға және ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге қауқарлы

қалыптастыруымыз керек» деп, жемқорлыққа қарсы күреске басымдық беру қажеттігін тілге тиек еткен еді.

Ел Президенті атап өткендей, жыл өткен сайын көлеңкелі қылмысқа жол бергендерге көрілетін жаза

іске келгенде әрбір азаматтың, ардың ісі екені анық. Қоғамда пара беру, пара алу, делдал болу сынды қысқаша бұзушылықтардың орыналуына, көп жағдайда тұрғындардың қысқаша сауаттылығы мен азаматтық белсенділіктің төмендігі се-

ЖОЛДАУ-ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮДЫ КӨЗДЕЙДІ

сыбайлас жемқорлық мәселелері-әлі де күн тәртібінен түспей келеді. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағандарға шартты түрде мерзімінен босату шарасы қолданылмайды. Жемқорлықпен ұсталғандардың мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойы тыйым салатын қағида қатаң сақталуы керек. Біз сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған адамдарды заң жүзінде қорғайтын жүйе

түрі қатаңдап келеді. Дегенмен, жең ұшынан жалғасқан жемқорлық тәуекелдерінің туындауы тек бір ғана тараптан болмайтындығын ескерген жөн. Осы орайда, ел дамуын бәсеңдетіп, халық пен билік арасындағы берік сенімді сәтінететін сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және оның деңгейін төмендету тек Агенттік қызметкерлеріне жүктелген міндет емес, ол әрбір қазақстандыққа ортақ міндет екендігі баршаға белгілі. Себебі, бармақ басты, көз қысты әрекеттерге жол бермеу - көпшіліктің көкейіндегі жалпылама ұран болғанмен,

беп болып жатады. Тірлігін теңгемен шешуге тырысып, қызмет көрсетушіге қаражат ұсынуға құмар азаматтардың әрекеттері «Пара беру, пара ұсыну» қылмысының туындауына тікелей ықпал етуде. Сондықтан да, пара беруші болмаса, пара алушы да болмайтынын ескерсек, көпшілік қауым елдің ертеңгі болашағы үшін өзінің азаматтық белсенділігін танытуы қажет-ақ.

Гүлдана ЖӘНІБЕКОВА,
Созақ ауданы статистика
басқармасының жетекші
маманы.

Басты мақсат-алдын алу

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты қысқаша бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты қысқаша бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заң азаматтардың қысқаша бұзушылықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық

қысқаша бұзушылықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда қысқаша сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының қысқаша санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған.

Жанболат ШАБАҚОВ,
Мемлекеттік кірістер басқармасының
салық төлеушілермен жұмыс
бөлімінің басшысы.

Қатаң тосқауыл өзімізден

Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы қысқаша бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің қысқаша бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сон-

дай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып, ат салысып, қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағым, өтініштері. Мемлекетіміздің кез-келген азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың қысқаша бұзушылықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен жергілікті атқарушы органдар жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті деп санайды.

Роза БАЙМАҚАШОВА,
Мемлекеттік кірістер
басқармасының салық
төлеушілермен жұмыс
бөлімінің бас маманы.

Жарамсыз деп танылсын

Издибаев Талгат Тугелбаевичтің иелігіндегі «Mazda 626» маркалі автомобильін 338 ҮСЗ 13 мемлекеттік нөмірі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

«Таза Қазақстан»**Ауыл тұрғындары айыппұл арқалап жатыр**

Қазақ «Қоршаған орта» деген ұғым бар, бұл сөз әсіресе мына егемендігімізді алғаннан соң көптеп қолданысқа ие бола бастады. Жалпы, адамзат баласы ата-сының бөлінен анасының құрсағына түскен соң, онда тоғыз ай 10 күн жатып әбден жетіліп, мына дүниеге бейімделіп барып, пәниге келеді. Жаратқанның шеберлігі пенде анасының құрсағында жатқанында да құлпына комфортты болсын деп, жұтатын ауасы менен тұтынатын азығын кіндігі арқылы жеткізіп беріп қояды екен. Онан соң жарық дүниеге келіп, қашан қабірге қайтқан-нына бұл пәни дүниеде де пендесіне комфортты болуы үшін қоршаған ортасын қалыптастырып қойған. Мұнда да жұтатын ауасынан бастап, пәни дүниедегі тіршілігіне қажетті нығметтің барлығын беріп қойған. Тек, талмай талаптансаң, ерінбей еңбектенсең болғаны. Міне, сол қоршаған орта, оның тазалығы туралы болмақ бүгінгі әңгімеміз. Олай дейтінім, адамзат баласы өзге махлұқаттардан айырып тұратын оның ақылы ғана емес, оның сол қоршаған орта, аналасындағы жаратылыстардың алдындағы жауапкершілігі ғой. Әйтпесе, бұл қоршаған ортаға дәл адамзат баласы секілді пайда, зиян әкелетін екінші бір махлұқатты білмейді екенбіз. Әрине, бұл да адамзат ұғымының иман-ибасына, сапалы санасына және ішкі мәдениетіне байлаулы дүние. Мұны соғы уақыттарда бүгінгі қоғамнан жиі көріп, біліп жүрміз. Әйтпесе, «Жаңа Қазақстан» қоғамын қалыптастыру секілді алдымызда үлкен мемлекеттік бағдарлама тұрғанда, «Таза Қазақстан» деп атап, қоршаған ортаны таза ұстау үшін арнайы бүкілхалықтық акция өткіземіз деп, негізгі мақсаттан ауытқымыз қаншалықты орынды. Келісер едім, егер қоғамымыздың іргесін жегідей жеген жемқорлық деген жегі құртқа қарсы бүкілхалықтық «Таза Қазақстан» акциясын өткізіп, билік пен бұқара бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып күресіп жатсақ. Демек, осындай ұлы (Жаңа Қазақстандық) қоғам құру жөнінде) ұлы мақсат барда қоғам боп әлі күнге қоршаған ортаны

таза ұстаудың қамымен жүрсе, онда әлі біраз жүретін секілдіміз ғой. Біреулеріңіз ойлауларыңыз мүмкін, бар жазатыны бір аулдың тазалығы жөніндегі бір шағын мақала-пост екен неғай сонша әріден толғап кетті мынау? - деп. Себебі де айқын. Мен жоғарыда келтірген адамзат баласы үшін қастерлі ана құрсағы менен қоршаған ортаның еш айырмасы жоқ қой халқымыз үшін. Бабаларымыз өміріне сән беріп тұратын әйел заты үшін қалай жанынан, малынан баз кешсе, туған жердің бір уыс топырағын, қоршаған ортасын солай ақ білектің күшімен, ақ найзаны ұшымен қасық қаны қалғандай қорғаған ғой. Біз ше, сол бабалардан аманат боп қалған туған топырағымызды таза ұстау үшін де билік басындағылар арнайы акция өткізбесе былығып отыра беретін халге жеткенбіз. Тағы да кешірім сұраймын, егер жылда: «Жерлестер ауылымызды, ауданымызды таза ұстайық!» деп, үндеу жазбасам, арақидік ауыл әкімдерімен ауылымыздың айналасын аралап, ауыл сыртына тасталатын өлекселерді, памперстер менен ... ді (бақсаңсын айпағанда) көрмесем, былай таусылып сөйлемес едім. Амал нешік, біліміміз жоғарылап, дипломымыз көбейгенімен, санамыз өсіп, мәдениетіміз көтеріліп кетіп жатқан жоқ. Соны нәтижесі ғой, жақында ғана Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын жариялады. Бірнеше аптаға созылатын бұл акцияның да әр аптасына:

«Таза өлке»; Киелі мекен»; «Жасыл аймақ»; «Өнегелі ұрпақ»; және «Мөлдір бұлақ» деп ат қойып, айдар тағы алдық. Осы ретте, біздің ауданымызда да әкіміміздің басшылығымен бүкілхалықтық тазалық акциялары әр апта сайын өтуде. Ресми деректерге сүйенсек, Шолақорған ауылының аумағы 5 секторға, яғни, 144 көше 39 мекемеге бөлініп беріліп, тазалық жұмыстары жүргізілді. Жалпы, ауданымыз бойынша 75 шақырым көше бойлары, 11, 4 шақырым аяқжолдар тазаланып, нәтижесінде 485 тоннадай күл-қоқыс шығарылып арнайы орындарға тасталыпты. Басқаны білмеймін, өзім кәу бол-

ған дүние, қазіргі аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы басшылыққа келген екі жыл ішінде бір ғана Шолақорған ауылы 5 секторға бөлініп, қаншалаған тазалық акцияларын өткізіп келеді. Егер, етілген еңбекке сүйенсек, Шолақорған ауылы бұл кезге дамыған мемлекеттердегідей тап-таза боп, сырттан келгендер көшелерімізден қоқыс көрмей, тамсанып жүрулері керек еді. Әдетте біз не нәрсеге де билікті кінәлап жатамыз ғой, мені биліктің шотын шапты деңіздер. Бірақ, сол жергілікті билікте жүргендер де, сол көшеге шығып сіз бенен біздің шашып кеткен қоқысымызды тазалап жүрген мұғалім, дәрігер т.б да азаматтардың барлығы өзіміздің аға-іні, әпке-қарындастарымыз. Ендеше, сол өз жақындарымыздың еңбегін баға-

лауымызға болады ғой. Әншейінде осы «Ерім дейтін елі болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» деп, биік сөйлеп жатамыз ғой. Ағайын-ау, сол мұғалімдер менен дәрігерлердің, мемқызметкерлер менен жай ғана еңбек адамдарының біз білмесек, бағаламасақ, кім біледі, кім бағалайды?

Ұзын сөздің қысқасы, айналайын ауданымыздың, Шолақорған ауылының тұрғындары өзіміз тазаламасақ та өз бауырларымыз, жерлестеріміз тазалап берген ауылымызды таза ұстайық, қоршаған ортаның қадіріне жетейік! Көріп отырсыздар ғой, еліміздің батыс аймақтарында не боп жатқанын. Ел мен жердің, ауымыз бенен қаламыздың қадірін қолдан кеткен соң ғана білуіміз, бағалауымыз керек пе? Барында бағалай алмасақ, барымыздан айырылатынымызды өмір өзі көрсетіп беріп жатыр ғой.

Сөз соңында айтарым, құрметті аудан, Шолақорған тұрғындары! Биыл жыл басынан барлық ауыл әкімдіктері жергілікті бюджеттің есебінен арнайы планшеттер сатып алды. Бұдан былай сол планшеттермен көше-көшелерде жүріп, үйлеріңіздің сыртында жатқан күл-қоқыс, септикерге т.б айыппұлдар салынатын болады. Тіпті, бұл жұмыс Шолақорған ауылында басталып та қойды. Кешегі, аптаның басы дүйсенбі күні басталған шара нәтижесінде Абай, Асқанбеков және Төреқұлов көшелерінің 9 тұрғынына айыппұл салынды. Бұл шара алдағы уақыттарда да жалғасын таба береді. Әзірше бұл жұмыспен жергілікті полиция қызметкерлері айналысуда. Алдағы уақытта ауыл әкімдігі де өздерінің планшеттерін толықтай қосып, көшемен-көше жұмыс жасайтын болады. Осы орайда, ауылдың белсенді азаматы, жергілікті қоғамдас-тықтың мүшесі ретінде ішімнен бір жаман келеді маған кейде:

«Әй, осы ауылдастарымыз үйлерінің сыртындағы күл-қоқысты тазаламаса, тазаласа да ауыл маңына төгіп кетіп, айыппұлға ілінсе, ауылымыздың бюджеті біраз қампайып қалар ма еді деймін ғой кәдімгі! Әрине, әзіл.

Данияр БЕК.

Алаяқтықтан абай болыңыз

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (әрі – қарай ҚК) 190-бабында алаяқтық істің сипаты мен деңгейі сараланады. Алаяқтықтың бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе біреудің сенімін теріс пайдалану жолмен бөтен мүлкіне ие болу дейміз. Соңғы жылдары осы санаттағы қылмыстардың артуына байланысты жаза қатаңдады. Алайда, өкінішке қарай оның сипаты да өзгеріп, алаяқтық көп ретте интернет қылмыстарға ұласты. Бүгінгі таңда сотқа келіп жатқан қылмыстар интернет арқылы біреудің мүлкін жымқыру, қаражатын иемдену, әртүрлі қаржылық пирамидалар, біреудің есепшоттарындағы ақшаны алаяқтық жолмен өзге біреуге немесе өзіне аудару секілді қылмыстар. Бұл санаттағы қылмыстарды жасайтындардың жас ерекшелігі мен жынысында да айырма болмай қалды. Қазіргі уақытта алаяқтықпен жастар да, орта жастағылар да, әйел адамдар да, балалар да айналысатын болды. Бірақ, Қазақстан Республикасы заңдары әркез «алаяқтық да салмағы барын» ескертеді. Мәселен, алаяқтық қылмыстар ҚК-нің 190-бабында мүлік тәркіленіп, 1000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Алаяқтықтың сипаты өзгергенін сөз басында айттық, бұл қылмыс сонымен қатар топтық сипатта да жасалатынын ескерген жөн. Ол адамдардың алдын ала сөз байласуы немесе шендінің өз қызметін асыра пайдалануы, мемлекеттік сатып алулар мен тендерлер айналасындағы алаяқтықтар негізінде жүзеге асып жүр.

Егер айыпталушы осы санатқа жатқызылса, онда оның мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып не 4000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 1000 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Аталып отырған баптың, яғни ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 3), 4) тармақтарында алаяқтық, яғни бірнеше рет бөтеннің мүлкін сенімді теріс пайдалану жолымен жымқырғаны үшін - мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Осы аталмыш баптың осы бөлігіндегі қылмысты жасаған тұлғалардың іс әрекеті ауыр санаттағы қылмыс болып танылады.

Аталған баптың осы бөлігі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаның іс әрекетін мысалға келтіретін болсақ:

Э.О. есімді орта жастағы әйел адам ауыл тұрғындарын өзінің мүмкіндігіне кірмейтін жалған ақпараттар айтып алдап, Түркістан облысы, Созақ ауданының аумағында орналасқан уран өндірісу компанияларына оператор қызметіне жұмысқа орналастырып бере алатынын айтып сендіріп, алдау жолымен, сенімдерін теріс пайдаланып, бірнеше ауыл тұрғындарының әрқайсысынан 250 000 - 300 000 теңге аралығында ақшаларын бірнеше рет алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылық әрекетін тоқтатпастан жалғастыра отырып жымқырып, жәбірленушілерге елеулі түрде мүлкіткі залал келтірген.

Қазақ «Дәніккеннен құныққан жаман» дейді. Өкінішке қарай, жастардың оңай табысқа бірден кенелгісі келетіні, әйел адамдардың сенімге тез кіретіні олардың алдағы бақытсыздықтарына себепкер болуда. Жеңіл жолмен келген ас тамақтан тез өткенімен, оның ертеңгі сұрауы бірнеше жылдардың өтеуіне кететіні өкінішті. Осы тұрғыда, қарапайым азаматтарға жеңіл жолмен ештеңенің келе қалмайтынын, таныс арқылы аз уақытта жұмысқа орналасу мүмкін емес екені, банктер ешқашан төмендетілген пайызбен, кезексіз несиелер немесе баспана бере қоймайтынын түсінетін кез келді. Кезек жылжыту, жүргізу куәлігін тез арада алып беру, таныс арқылы тесттерді сатып алу немесе алаяқтық санатына жататын өзге де қылмыстардың соңы ауыр жазаларға алып келетінін түсіну қажет.

Б.САФЫНТАЕВ,
Созақ аудандық сотының судьясы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нұржанай Майусова
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігін және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

A-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3250 дана

Кезекші редактор:

M.Қарғабай.